

### Ұлы даланың ұлы ұстазы

Әбдіжәми Ә.Ә.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Садыкова А.К.  
М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті

«Ортағасырлық ғылым тарихында өзінің ауқымды ғылыми жұмыстары,  
терең әрі жан-жақты энциклопедиялық білімі жөнінен  
Әл-Фарабимен теңдесе алатын ғалымды табу қиын»

**П.Н. Федосеев**

Осыдан 1150 жыл алды қазақ топырағында Әбу Насыр әл-Фараби өмір есігін ашып, атақты тұлға болатынын кім білген?! Есімі әлемге таныс, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан еңбек иесі - Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Фараб қаласында өмірге келген. Қазақтың ежелгі қаласы, қазіргі Отырарды сол заманда арабтар Бараба-Фараб деп атаған. Сол себепті Әбунасырды Фарабтан шыққан, Әбунасыр әл-Фараби деп атайды. Фарабидің толық аты-жөні - Әбунасыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби, яғни өз аты Мұхаммед, әкесі Мұхаммед, оның әкесі Ұзлағ, арғы атасы Тархан [1, 12-б.]. Ол текті әулеттен шыққан. Әкесі Мұхаммед - әскери қолбасшы болған. Ойшылдың өмірі жайлы бізге жеткен ақпараттар әлі де болса зерттеліп жатыр. Тарихи деректерде Фарабидың руы қыпшақ-қаңлы деп көрсетіледі. Бұл дерек шындыққа жақын келеді. Себебі, оны жәй ғана “Тархан” деп көрсететін деректерде бар. “Тархан” деп Сыр бойында мекен еткен қаңлы тайпасын атаса, әл-Қашғаридың “Қаңлы мен қыпшақтардың атақтыларын” солай атаған деген дерегі де бар. Сондықтан Фарабиды түркіден шыққан және ежелгі рулардың бірі қаңлы-қыпшақтан тараған деп айта аламыз.

Әбунасыр ерте жасынан-ақ оқуға құмар болған. Сол тұстағы Фараб қаласы ғылым мен мәдениеттің ошағы саналып, Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен екінші кітапхана осы қалада болды. Білімқұмар Мұхаммедтің жастық өмірі Ұлы кітапханада жалғасты. Сонымен қатар, бала кезінен музыкаға қызығып, аспапта ойнап, өлең айтатыны бар. Ғылымға бойлаған Фараби мұсылман бола тұра, басқа дін өкілдерінен сабақ алып, емшілік пен жүйрік ойлауды Юханна ибн Хайланмен, грек жазушысы Әбу Башардан грек тілін меңгерген. Кейінірек Хорасан мен Бағдадқа кетіп, араб мәдениетін меңгереді. Өз заманындағы білімнің қолжетімсіздігіне қарамай, еңбекқорлығынын арқасында биік деңгейге жетті. Көбіне ғылымды өз бетінше меңгеруге бейім Фарабидің ең алғашқы игерген мұрасының бірі Аристотельдің еңбектері. Мәліметтер бойынша Аристотельдің “Табиғи гармониясын” қырық рет, “Жан туралы” еңбегін жүз рет, “Риторика” еңбегін екі жүз рет оқыған деседі. Осылайша Фараби білім алып, әлемнің ұстазы деген атқа ие болады. Ол алғашқы кезде Бағдадта істейді, кейіннен Дамаскіде, сонан кейін Алеппода (Сирия) әмірі Сайф әд-Дауланың қарамағында болады [1, 13-б.]. Фараби тумысынан қанағатшыл әрі өте қарапайым жан болған. Қайтыс боларынын алдында “Екінші тәлім” еңбегін жазған. Осыған байланысты “Екінші ұстаз” атағын берген-деседі. Хиджра жыл санауы бойынша 339 жылы бізше 950 жылы ережеп айында Дамаскіде дүние салды. “Баб ас-сағир” зиратына жерленген. Ғалымның жаназасына, қасына он бес нөкер ерткен Дамаск әміршісі Сәйф әд-Дәуләнің өзі қатысады [2, 27-б.].

Әл-Фарабидің өмірдегі басты мақсаты - шындықты іздеп, оны табу болды. Осы жолда адамды адастыратын нәпсісі екенін айтып, тыйым салған. Бірақ сопылық жолды ұстанбаған. Фарабидің шындықты іздеуде табиғат пен адамды қатар қойған. Адам болу ақыл мен ойлаудың нәтижесінде болса, парасатты болуда логиканың қатты қажет екенін айтады. Сол себепті логика тақырыбында көптеген еңбектерді жазып, Аристотельдің идеяларын әрі қарай жалғастырған. Ал ойшыл өзінің дүниеге деген жеке көзқарасын этика мен эстетика, әлеуметтану мәселелерімен толықтырады. “Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары”,

“Бақытқа жету туралы” трактаттарында ол адам қоғамының шығуы, өмір сүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті әкімнің бейнесі туралы ой толғайды [1, 21-б.]. Ол алдымен өмір сүріп жатқан ортаның құрылымын талдайды. Өмір сүру аймағы ретінде қала тұрғындарын алып, сол қаланы бөліктерге бөліп, “Ізгі қаланы” өзіне жақын екенін көрсетеді. Себебі, бұл қалада қарапайым еңбекшілердің, одан әрі қарай саудагерлер мен алып-сатарлар “алыс-беріс” қаласы, ұры-қары мен арамтамақтар мекені қылып “бақытсыздық пен бұзылған” қаланы айтады. Осы ізгі қала туралы еңбекте Платонға қарап, бүтін мемлекетті мүшелерге бөліп, белгілі бір қызмет атқаратын адам анатомиясына ұқсатады. Осыған сәйкес феодалдық құрылысты талдай отырып, идеалистік сипатта жазылғанымен, Фараби халық арасындағы теңсіздікті сездіртеді. Мәселен, мемлекеттің жаны ретінде - халықты алса, олардың күн көруі үшін әрекеттенуін көрген ойшыл, теңсіздік пен әділетсіздікті жою үшін жаңалау мен тәрбиеде адамгершілікті күшейтуді қалайды. Яғни, феодалдық жүйеде қалыптасқан зорлық пен әділетсіздік егісін болдырмай, сол ауыр кезеңде утопиялық тұжырым жасайды. Фараби әділетті мемлекеттің болуы үшін ең бірінші мемлекеттің басшысы және оның ақыл-парасатына, тәлім-тәрбиесіне байланысты екенін айтады. Ойшылдың бұл қорытындысын теріс деп атауға келмейді.

Фараби “Ғылымдардың шығуы туралы” атты философиялық трактатында ғылымның шығу тәркіні мен тарихына аса мән берген. Ойшыл ғылымды діннен алшақ ұстап, табиғат пен оның заңдылықтарын ешнәрсеге тәуелді емес екенін көрсетеді. Ғылымның шығу көзі ретінде субстанция мен акциденцияны айтады. Субстанция - материяның өзгермейтін мәні, ол қозғалып тұрады және оны ақылмен ғана көреміз. Ал акциденция субстанцияның басқаша сипаты. Фараби бұл жөнінде: “Субстанцияны тек ақыл ғана қабылдайды, акциденция сол екеуінің арасында дәнекер болады. Ақыл бояу түсінің ар жағында бір боялған нәрсенің барын, дыбыстың ар жағында сол дыбысты шығарып тұрған бір нәрсе барын біледі. Мәселе қалған сезімдер жөнінде де осылай” [1, 22-б.]. Осыдан кейін барлық ғылымдар пайда болып әрі қарай дамығанын түсіндіріп береді.

Қай ғылым саласын алып қарасақ та, барлығы халықтың тәжірбиесі мен мұқтаждықтарына келіп тіреледі. Астрономия, арифметика, география мен тарих сынды көне ғылымдар осыны дәлелдейді. Дамудың белгілі бір кезеңінде бақылау мен тәжірбиені іске асырып, жинақтап отырған ғалымдардың тарих бетінен орын алары сөзсіз. Бұларға ежелден Аристотель, Пифагор, Геракл, Архимед т.б. Жаңа кезеңде Галилей, Ньютон, Эйнштейн мен Декартпен осы санаттағы ғалымдар. Бірақ осы тақырып шығыс ойшылдарын да қызықтырған. Алайда мәдениет пен білім ордасы Еуропада шарықтады деген қате таным әлі де болса зерттелу үстінде. Бәлкім осы орайда шығыс ғылымдарының ұмтылысы төмендетіліп, тиісінше өз бағасын ала алмай отыр. Осының ішіне Әбунасыр Фараби де кіреді.

Фараби зерттеушілері ұстаздың ақындық өнерінің болғандығын айтады. Осы орайда белгілі түрколог, әдебиетші-ғалым Немат Келімбетовтің айтқаны бар: “Әбу Насы әл-Фараби - өз дәуірінің көрнекті ақындарының бірі дей отырып, Ибн Аби Усайба, Ибн Халликан секілді араб тарихшыларының жазып қалдырған мәліметтерін басшылыққа алады да солардың жазбаларынан әл-Фарабидің өлеңдерін жолма-жол аударып береді” [3, 123-б.]. Кеңестік дәуір ғалымдары: Е.Э.Бертельс араб әдебиеті тарихын сөз ете отырып, орта ғасырда өмір сүрген арабтың атақты ақындары мен тарихшыларының еңбектерінде үлкен ақын болған және оның көп өлеңдері бар деген болжамдарын баяндайды [4, 113-б.]. Фарабитанушы А.Көбесов дәйегінде: “Совет ғалымы Е.Э.Бертельстің парсы-тәжік поэзиясы тарихына арналған еңбегінде, түрік зерттеушілері Ахмет Атеш, Хафиз Данышпан еңбектерінде Фарабидің шайырлығы, әдеби мұрасы туралы көп жаңалықтар келтіреді. Бұлар және басқа оқымыстылар Фараби араб, парсы, түрік т.б. тілдерде әр түрлі жанрда жыр жазғандығын растайды, үзінділер келтіреді” [5, 106-б.].

Бабамыз Фараби ғылымның даму тарихында қарап қалмай өзінің атақты “Ғылымдар энциклопедиясы”, “Ғылымдар реті”, “Ғылымдар классификациясы” атты еңбектерімен Батыс елдерінде танылған. Еуропа ғылымы аталған трактаттармен ертеден таныс болған.

Фарабидің “Ғылымдар энциклопедиясы” XII ғасыр шамасында арабшадан латын тіліне аударылғаны туралы мәліметтерді кездестіреміз. Кейінгі кезеңде толықтырып ағылшын, француз, еврей, неміс, испан және түрік тілдеріне аударылған. Ағылшын ойшылы Р. Бэкон Фарабидың “Энциклопедиясына” әсерін білдіріп, еңбек жазған.

Ойшыл “Ғылымдар энциклопедиясын” бес тарауға бөлген:

1. Тіл білімі мен оның тараулары; 2. Логика мен оның тараулары; 3. Математика: арифметика, геометрия, оптика мен астрономия, музыка, статика; 4. Физика мен оның тараулары, метафизика мен оның тараулары; 5. Заң мен дін ғылымдары;

Бұл трактатта қамтылғандардың барлығы өмірге қажетті екенін, егер осы тараудың біреуін терең ұғынғысы келсе, саналы түрде оған қандай абырой мен пайда келетінін біледі деп санаған.

Ғалымдардың пайымдауынша, әл-Фарабидің жетпістен жүз алпысқа дейін трактаттары бар [6, 89-б.]. Әр түрлі тақырыпты қамтитын 160-қа жуық шығармасын жазғанда бір ғана мақсатты - адамдардың өздері өмір сүріп отырған әлем жайлы, заттардың табиғаты, адамның тіршілігінің мәні туралы білімге жақындату ойын көздеді. Руластарын бақытты өмірге апаратын жолды табу үмітін әлі де есінен шығармады және енді ол өз туыстарын ғана емес, бүкіл адамзат туралы ойлады. Адамзаттың тағдыры жеке адамдардың тағдырынан құралатынынан да жадында сақтады [7, 88-б.]. Түрік ғалымы Ахмад Аташтың “Әл-Фараби еңбектерінің тізімі” (Стамбул, 1950ж.) атты библиографиясында әл-Фарабидің 160 кітабы атап көрсетілген [8, 22-б.]. Қазақ ғалымдарының арасында Ақжан Машановтан басқа зерттеушілер де болды. Арабтанушы Х.К.Тәжікова Фараби мұраларын араб тілінен қазақ тіліне аударса, Ә.Дербісәлінің “Әл-Фараби эстетикасы” атты еңбегін жарыққа шығарды. Фарабидің философиялық трактаттарының беделді редакторы Ш.Е.Есенов болып, Қазақ КСР Ғылым академиясы жанынан Фарабитану ұйымын құру туралы ғалым Әлкей Хақанұлы Марғұлан бастама жасады. Сонымен қатар, Ш.Қалиева Дамаск кітапханасында Әл-Фарабиға ғылыми зерттеу жүргізсе, М.С.Бурабаева, М.Мырзахметов, С.Төлеубаевалар бірнеше ғылыми мақала жазды. Жазушы Ә.Әлімжановтің “Ұстаздың қайта оралуы” еңбегі ұлы ұстаз Фарабиге арналды.

Әл-Фараби жолы өмір мен шындықты қатар қоятын, адами болмыс пен әділетті іздеген жол. Фараби жолының құпиясы осында. Сол себепті адамзат баласы оны жоғары көтеріп, құрмет көрсетеді. Қазақ зиялылары мен шетел зерттеушілерінің бабамызды зерттеп, жазып жатқан еңбектері қуантуда. Осы орайда сан түрлі мақалалар, монографиялар жазылды. Біздер Фарабидің ғылыми еңбектері мен рухани мұрасын толықтай зерттеп біткеніміз жоқ. Ғұлама Әбунасырдың 1150 жылдығы үлкен мүмкіндік беруде. Сол мүмкіндікте әр ғылымның мамандары өзіне керектісін алып, насихаттауы керек. Қазіргі таңда біздің басты міндетіміз - жан дүниесі кең, рухы мен құрметі жоғары келешек тәрбиелеу. Бұл міндеттің шешімі ретінде ұлы ұстаздың қалдырған аманатының маңызы әрдайым зор бола бермек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. - Алматы, 2002. - 176 б.
2. Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап. - Алматы, 2008. - 360 б.
3. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы, 1991. - 264 б.
4. С.Э.Бертельс. Избранные труды. - Москва, 1960. - 556 б.
5. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. - Алматы, 1993. - 452 с.
6. Тәжібаева Т.Л. Музей Аль-Фараби: наследуя и преумножая // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. № 2 (37). 2011
7. Құл Мұхаммед М. Әл-Фараби. Тарих, тұлға уақыт. - Алматы, 2006. - 96 б.
8. А.Машанов. Әл-Фараби және Абай. - Алматы, 1994. - 190 б.